



IRSTI 28.23.15
Scientific article

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-153-4-146-160>

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда эмоцияны реттеу стратегияларын қолдану қажеттілігі

Г.А. Амзеева^{*1}, Ш.М. Майгельдиева², Р.Т. Игенбаева³, Н.Ж. Дуйсекеева⁴

^{1,2,3,4} Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: ^{*1}amzeeva.gulnar@mail.ru, ²sharban56@mail.ru, ³irt_2208@mail.ru, ⁴neka09@mail.ru)

Аңдатпа. Бастауыш сынып оқушысының мектепке алғаш келгеннен сабақ беретін мұғалімге тәуелді болуы, білім алуы мен тәрбиесіне мұғалімнің эмоционалды тұрақтылығы әсер ететіні белгілі. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда эмоцияны реттеу стратегияларын қолдану қажеттілігі талданады. Тақырыпқа қатысты теориялық талдау жасалып, эмоцияны реттеу ұғымы және Дж.Гросс үлгісіне сәйкес эмоцияны реттеу стратегиялары нақтыланады. Мақаланың мақсаты, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері-студенттерінің эмоциясын реттеу деңгейін Райвич К., Шатте Э. үлгісімен анықтау және эмоцияны реттеу стратегияларымен таныстырып, жағдаяттарды талқылау. Сонымен қатар, мақалада студенттердің жағымды/жағымсыз эмоциясын тудыратын тапсырмалар мен студент-оқытушы қатынасы да талданады. Зерттеуге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Педагогика және дәстүрлі өнер институтының бакалавриат деңгейіндегі "Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім беру бағдарламасының 12 ерікті болашақ бастауыш сынып мұғалім-студенттері қатысты. Жұмыстың зерттеу сұрағының жауабына қол жеткізу үшін фокустық топ талқылауы әдісі алынды. Зерттеу деректері кодталып, тақырыптық талдау жасалып, нәтижелер шығарылды. Нәтижесінде болашақ мұғалім-студенттердің эмоцияны реттеуде біршама қиыншылықтар бар екендігі айқындалып, талқыланды. Жұмыс соңында зерттеу барысындағы шектеулер мен болашақ зерттеулерге ұсыныс берілді.

Түйін сөздер: болашақ бастауыш сынып мұғалімі, даярлау, эмоция, жағымды/жағымсыз эмоция, эмоцияны реттеу, эмоцияны реттеу стратегиялары

Кіріспе

Ғылыми еңбектерді талдау барысында соңғы 20-30 жылда білім беру үдерісіндегі мұғалімнің эмоциясы туралы зерттеулерге қызығушылық артқандығына көз жеткіздік.

Түсті: 30.05.2025; Мақұлданды: 15.12.2025; Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

*хат-хабар авторы

Білім берумен қатар, мұғалім мамандығының басты және негізгі өлшемдерінің бірі оқушыға қамқорлық көрсету болса, оның басты шарты мұғалімнің өз эмоциясын реттей білуі болып табылады.

Эмоцияның пайда болу себептері әртүрлі болып келеді. Т.Л. Шабанова мұғалімнің толық эмоционалды пісіп-жетілуі үшін тек бірыңғай оң бағыттағы эмоция ғана емес, сонымен қатар теріс бағыттағы эмоциялар да болуы қажет деп есептейді (Шабанова, 2011). Оң және теріс эмоциялардың пайда болуы коллективтегі қарым-қатынастан (әріптестермен, басшылармен) бастап, оқушының үлгерімі, тәртібі, ата-анамен қарым-қатынас т.б. себептерді қамтиды. Мұғалім эмоциясы қуану мен уайымнан, сену мен сенімнің ақталмауынан, жетістік пен жеңілу, әлеуметтік, тұрмыстық т.б. қарама-қайшылықтардан тұрады. Сондықтан, мұғалімнің оң және теріс эмоцияларының арасында "тепе-теңдіктің" (Шабанова, 2011) болуы өте маңызды. Дегенмен, мұғалім оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін, теріс эмоциясын реттеуі қажет. Brackett және басқа зерттеушілер (2010) "мұғалімдердің көпшілігі эмоцияның дұрыс реттелмеу нәтижесінің қандай салдары" болатындығын түсінеді деп есептейді.

Жалпы мектеп мұғалімнің эмоционалды құзіреттілігі тұрғысынан мұғалімнің эмоциясын реттеу мәселесін жапондық ғалымдар R. Hosotani, K. Imai-Matsumura (2011) талдаса, D.W.Chan (2006) мұғалімнің эмоционалды интеллигенттілігі мен шаршау компоненттерін, J.Chen (2019) мұғалім эмоциясының оқу сыныбы мен оқушының жеке эмоциясына әсерін зерттеген. Бастауыш сынып мұғаліміне эмоционалды тұрақты, аса шыдамды, баламен, ата-анамен тіл табыса алатын, эмоциясын жоғары деңгейде басқара алатын үлкен эмоционалды жауапкершілік жүктеледі. Бастауыш сынып мұғалімінің эмоциясын реттеу мәселелерін S.Nicolosi, M.Alba ж.б. (2023), J. Petrovic, J. Mettler ж.б. (2023) зерттеген, бастауыш және орта сыныптардағы мұғалімнің эмоциясын реттеу стратегияларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды A. Tarantul мен I. Berkovich (2024) қарастырған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің, яғни болашақ мұғалім-студенттің эмоциясын реттеу A. Ciani, F. Ferretti ж.б. (2019) ғылыми мақаласында, болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлауда эмоционалды тәрбиеге мән беру M.J. Hernández-Amorós, M.E. Urrea-Solano ж.б. (2017) ғылыми мақалаларында көрініс тапқан.

Отандық зерттеулерде авторлар А. Сүлейменова, О. Иванова (2018) болашақ мұғалімдердің эмоционалды құзіреттілігі мен жеке іс-әрекет стилін біртұтас компонент ретінде қарастырған, А.Алғожина, Р. Сабирова ж.б. (2022) мұғалімнің эмоционалды интеллектісінің өнімділігін өлшеудегі олқылықтарды атайды, Г. Нәби (2023) болашақ мұғалімдердің эмоционалды интеллектісін дамыту жолдарын қарастырса, С.Т. Тлеубай, З. Жауыншиева ж.б. (2022) жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімді даярлауда эмоционалды компоненттің рөлін, оны құрастырушы факторларды талдаған. Дегенмен, шетелдік және отандық авторлардың зерттеулерін талдау нәтижесі мектеп мұғалімінің немесе болашақ мұғалімнің эмоциясы жан-жақты зерттелгенімен, жергілікті менталитетке сәйкес, отандық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоциясын реттеу стратегиялары толық зерттеліп, айқындалмағандығына және әлі де зерттеуді қажет ететіндігіне көз жеткіздік. Олай болса, ұсынылып отырған мақаланың мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуда олардың эмоциясын реттеу стратегияларына теориялық талдау жасап, жергілікті болашақ бастауыш сынып мұғалімдері-студенттерін эмоцияны реттеу стратегияларымен таныстырып, талқылау. Мақаланың зерттеу сұрағы: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуда эмоцияны реттеу стратегияларын қолдану қажеттілігі неде?

Материалдар мен әдістер

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығының сапасын арттыру педагогты даярлайтын жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты міндет болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау (Ахметсапа, Жолтаева, 2023), "оқушыларды оқытып, тәрбиелейтін болашақ маманды даярлау" (Мұхаметжанова, 2015) мәселелері кеңінен талқыланып келе жатқан тақырыптар болғандықтан, ұсынылып отырған мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлауда, олардың эмоциясын реттеу ұғымы мен эмоцияны реттеу стратегияларына тереңірек тоқталмақпыз.

Эмоция ұғымы да ғасырлар бойы адамның іс-әрекетін анықтайтын күштер арасында негізгі рөлдердің біріне ие болған. Эмоцияның оң (қуаныш, қанағаттану, мақтаныш сезімі, толқу т.б.) және теріс (реніш, ашу, уайым, алаңдаушылық т.б.) түрлері болады (Darby, 2008). Мұғалімнің эмоциясы толыққанды эмоцияны талап ететін орта (оқушы, ата-ана, басшылық, ұжым т.б.) болғанымен қатар, мұғалімнен "сабақты сапалы өткізу және айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас орнату" (Chen, 2019) талап етіледі. Сонымен қатар, мұғалімнің (жағымсыз, теріс) эмоциясы тікелей оқушының эмоциясына әсер ететіні белгілі. Ал бастауыш сынып мұғаліміне түсетін эмоциялық салмақ екі, үш есе жоғары, өйткені, бастауыш сынып баласын жас ерекшелігіне сәйкес оқытып, үйретумен қатар, мұғалім жас балаға толығымен "жауапкершілікті" мойнына алады (Schlesier, Roden және Moschner, 2019). Сондықтан, бастауыш сынып мұғалімі мамандығының өзі аса зор "эмоционалдық реттеуді" қажет ететін мамандық (Brígido ж.б., 2013).

Эмоцияны реттеу дегеніміз, "белгілі мақсатқа жету үшін өз эмоциясын тежеу, өзгерту, қолдау қабілеті" (Eisenberg, 1995). Эмоцияны реттеу мақсатына жағымсыз эмоцияны азайту немесе оң эмоцияны арттыру жатады. Эмоцияны реттеу, эмоционалдық жағдаяттың орыналуы, сол жағдаятқа көңіл бөлу, бағалау және сол жағдаятқа байланысты эмоциялық реакцияның пайда болуы (мысалы, реніш, ашу, қорқыныш т.б.) болады (Gross, 2015). J.Gross (2015) айтуынша, эмоцияны реттеу мақсатының ең көп таралған түрі, жағымсыз эмоцияны реттеу болып табылады. Ал бастауыш сынып оқушылары ең белсенді, әр нәрсені меңгеруге, білуге құмар, "стресс пен эмоционалдық уайым" (Vierhaus, Lohaus және Wild, 2016) ортасы болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі оқушыға бағыт беріп, кез-келген іс-шараны уақытында, дер кезінде жолға қойып отырушы, сонымен қатар сыныпқа ие болу, уақыт тапшылығы да мұғалімнің эмоциясына әсер етеді. R.E. Sutton (2004) пікірінше, бастауыш сынып мұғалімі өз эмоциясын реттеу барысында, көп жағдайда жағымсыз эмоциясын көрсетпеуге тырысады. Мұғалім оқушымен болсын, ата-анамен болсын немесе басшылықпен қарым-қатынаста да пайда болған жағымсыз эмоциясын көрсетпей "жұтып" қоюына тура келеді. Мұғалімнің өз эмоциясын реттей алмауының нәтижесі, жағымсыз эмоцияларын үнемі тығып ұстау нәтижелері "стресске қатысты көптеген ауру" түрлерін туғызумен қатар, "мұғалімнің жұмыстан кету ағынын" (Morgan, Atkin, 2016) көбейтеді. Бастауыш сынып мұғалімінің, жалпы мұғалімнің эмоциясын реттеу нәтижесі "мұғалімнің күнделікті өмірінде жағымды эмоцияларды басынан кешіріп, жеке өмірінде де көптеген жетістіктерге" (алдыңғы біреуді қою) жетуіне мүмкіндік тудырады.

Эмоцияны реттеу стратегиялары J.Gross (2021) еңбектеріндегі үлгілерден бастау алады. J. Gross (1999) пайымдауынша, эмоцияны реттеу стратегиялары арқылы оң

эмоцияны да, теріс эмоцияны да эмоцияның пайда болуының әр кезеңінде реттеуге болады. Ғалым эмоцияны реттеу стратегияларын эмоцияның пайда болуына дейінгі және эмоция пайда болғаннан кейінгі деп жіктеген. Эмоция пайда болғанға дейінгі реттеу стратегияларына ғалым (а) жағдаятты таңдау/жағдаятты өзгерту, (ә) назарды аудару, (б) когнитивтік өзгерістерді жатқызса, эмоция пайда болғаннан кейінгі стратегияларға (в) жауапты өзгертуді (модуляциялау) жатқызған. Жағдаятты таңдау дегеніміз, қандай да бір эмоционалдық әсері бар адамға/орындарға/іс-әрекетке жақындау немесе олардан аулақ болу; жағдаятты өзгерту дегеніміз біреудің эмоционалдық әсерін өзгерту үшін, ортаның да эмоциясын өзгерту болып табылады; назарды аудару дегеніміз біреудің эмоциясына әсер ету үшін назарды бір нәрсеге немесе одан басқаға аударып жіберу; когнитивтік өзгеріс дегеніміз, өзінің эмоциясын басқару үшін, өз жағдайын қайта бағалайды немесе өзінің жағдаятты басқара алу қабілетін қайта бағалайды; пайда болған эмоцияны реттеу үшін, логикалық реттеуді іске қосу, яғни, эмоцияны күшейту, азайту немесе тежеу сияқты стратегияларды қолдану. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау барысында, қандай жұмыс түрлері студенттің оң және теріс эмоциясын тудыратындығын және қандай эмоцияны реттеу стратегияларын қолдану болашақ мұғалімнің өзінің көңіл-күй қорын дұрыс реттей білу қабілетін арттыруына тиімді әсер ететінін анықтауға тырысамыз.

Зерттеуге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Педагогика және дәстүрлі өнер институтының бакалавриат деңгейіндегі "Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім беру бағдарламасының 12 ерікті болашақ мұғалім-студенттері қатысты. Сапалық зерттеудің әдісі ретінде фокустық топ талқылауын таңдадық, өйткені зерттеуге студенттердің максималды түрде ашылып, талқылауға қатысып, қысылмай толық жауап беруі қажет болды. Фокустық топ талдауына және сауалнамаға қатысқан студенттердің аты-жөні жасырылды. Фокустық топ талдауына қатысқан студенттер Болашақ мұғалім 1 (БМ1), Болашақ мұғалім 2 (БМ2), Болашақ мұғалім 3 (БМ3), Болашақ мұғалім 4 (БМ4), Болашақ мұғалім 5 (БМ5), БМ6, БМ7, БМ8, БМ9, БМ10, БМ11, БМ12 ретінде белгіленді. Зерттеу барысында, зерттеу сұрақтарына байланысты, болашақ мұғалімдердің эмоцияны реттеуді қаншалықты түсінетіндігін айқындап, эмоцияны реттеу және эмоцияны реттеу стратегиялары туралы жалпы түсінік қалыптастыру көзделді. Ол үшін студенттерге 4 сұрақ қойылды. Фокус топ сұрақтары, "Сіз эмоцияны реттеу мәнін қалай түсінесіз?", "Қандай жағымды/жағымсыз эмоциялар сізде сабақта болады? Көрсете аласыз ба? Мысал келтіріңіз", "Сіз сабақта өзіңіздің жағымды/жағымсыз эмоцияларыңызды тежеп немесе бақылауда ұстап, реттеп көрдіңіз бе? Мысал келтіріңіз", "Сіз неге эмоцияңызды бақылауда ұстайсыз?". Фокус топ талқыламасы аудио ретінде жазылып алынды және мәтінге ауыстырылды. Жауаптар, мұқият бірнеше рет кодталып, талдаудан өтті. Алдымен сұрақтарға тақырыптық талдау жасалды, одан кейін, студенттерге J.Gross-тың (1999) эмоцияны реттеу стратегиялары таныстырылып, талданды: (а) жағдаятты таңдау/жағдаятты өзгерту; (ә) назарды аудару; (б) когнитивтік өзгерістер; (в) жауапты өзгерту (модуляциялау).

Сонымен қатар, студенттердің өз эмоциясын қаншалықты реттей алатындығын арнайы тест арқылы тексеру жоспарланды, ол үшін авторлары К.Райвич, Э. Шатте (2003) болып табылатын, сауалнаманы қолдандық. Сауалнамада 56 сұрақ болғанымен, біздің мақсатымызға сәйкес 8 сұрақты пайдаландық. Сұрақтардың 4-уі жағымды, 4-уі жағымсыз жауаптарға негізделген. Әрбір жауапты бағалау 5-балдық шкаламен өлшенді,

мұнда "5" - мен туралы өте дұрыс; "4" - әдетте дұрыс; "3" - орташа дұрыс; "2" - кейде немесе біршама дұрыс; "1" - мүлде дұрыс емес. Сауалнама нәтижесінде жағымды сұрақтардың жалпы балынан жағымсыз жауаптардың жалпы балы алынады, яғни төмендегідей есептеледі: Жалпы жағымды жауаптар балы - (алу) Жалпы жағымсыз жауаптар балы = Студенттің эмоциясын реттеу нәтижесі.

Студенттің эмоциясын реттеу нәтижесі, егер жалпы балл 13-тен жоғары болса, "орташадан жоғары", 6-13 балл арасы - "орташа" және 6 баллдан төмен болса, "орташадан төмен" деп аламыз (Reivich, Shatte, 2003). Келесі студенттің жағымды эмоциясын тудыратын және эмоциясын реттеуге, болашақ мұғалім ретінде топта жұмыс істеу қабілетін арттыратын аудиториядағы жұмыс түрлерін анықтау сұрақтары қойылды. Сауалнамаға қатысушылардың барлығы ерікті түрде қатысты.

Нәтижелер және талқылау

Эмоцияны реттеу туралы және студенттердің сабақ барысында қандай жағымды/жағымсыз эмоцияларды басынан өткізетіндігін және ол эмоцияларын қаншалықты көрсетіп немесе жасыратынын айқындау үшін, фокустық топ талдауының нәтижелерін кодтау қорытындысы түрлі жауаптарды көрсетті. Тақырыптық талдау барысында келесі басты кілт сөздер анықталды: оқытушы-студент қатынасы; қоғамдық орындағы этика; эмоцияны тежеу; жағымсыз эмоция.

Студенттердің басым бөлігі эмоцияны реттеу дегеніміз, "өзіңді-өзің ұстау", "эмоцияңды көп көрсетпеу", "бірқалыпты жүру", "ашу-ызаңды көрсетпеу" деп түсінетіндіктерін жеткізді. Сабақта пайда болатын жағымды эмоцияларға студенттер жақсы баға алғандағы қуаныш, көтеріңкі көңіл-күй, өз жауабыңа қанағаттану десе, жағымсыз эмоцияларға оқытушының бағасы ұнамаса ашулану (бірақ көрсетпеу), көңіл-күйің болмау, қанағаттанбау, презентация жасарда уайымдау, оқытушы мені жақтырмайды деген ойда болу т.б. атаған. Мысал ретінде, БМ11 "Бір оқытушы жасап келген презентациямды быт-шыт қып сынады, көшірдің деп, ноутбугымды лақтырып жібергім келіп, ашуландым, өйткені мен түнге дейін отырып дайындағам" деді. Фокустық топты жүргізуші модератор, сол эмоцияңызды көрсеттіңіз бе деген сұраққа БМ11 көрсетпегендігін айтты. Фокустық топ талдауына қатысқан болашақ мұғалімдердің 80%-ы жағымсыз эмоция пайда болса да, оны оқытушыға көрсете алмаймыз деген. БМ4-тің жауабын келтірсек, "Жағымсыз эмоцияны, әрине тежеймін, мысалы бір нәрсеге ашулансам, тежеуге тура келеді. Әсіресе, оқытушының алдында" десе, БМ1 "Ия, оқытушыға көрсетіп көр эмоцияңды ... сосын ...", БМ3 "Ұят қой эмоцияны көрсете беру". Бұл жауаптардан, студент-оқытушы арасындағы сенімсіздік, екінші жағынан жауапкершілікті байқауға болады. Сонымен қатар, студенттердің жауаптарының басым бөлігі эмоцияны көрсетпеді жауапкершілік және қоғамдық орындағы этикаға мән беру деп есептейді. Мысалы, БМ6 "Эмоцияны тежеу, меніңше жауапкершілік, ол мәдениет, өзіңді ұстай білу мәдениеті", БМ7 "Мен БМ6-мен келісемін, барлығымыз эмоциямызды көрсете берсек, сонда не болады, хаос болмай ма?", БМ8 "Әрине, алдымен өзіңді ғана емес, жан-жағыңдағы адамдарды да ойлау керек қой ...". Студенттерге қойылған сұрақта, "Сабақта өзіңіздің жағымды/жағымсыз эмоцияларыңызды тежеп немесе бақылауда ұстап көрдіңіз бе?" деген сұрақта жағымды эмоция туралы да сұралып тұрғандығына қарамастан, студенттердің барлығы тек жағымсыз эмоцияны көрсету/көрсетпеу жайлы сөз етті. Яғни, болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің көпшілігі тек жағымсыз эмоцияларға мән береді. Сонымен қатар, жауаптардан студенттердің басым бөлігі өз эмоцияларын тежейтіндігін және бақылауда ұстайтындығын байқаймыз. Дегенмен, студенттер арасында, өзін еркін ұстап, эмоциясын ашық көрсететіндер де болды. Мысалы, БМ7 "Мен эмоциямды ұстамаймын, ойымды ашық айтамын. Ашулансам, ашуланғанымды жасыра алмаймын" десе де, мұндай жауап бергендер саны көп болған жоқ (20%).

Келесі Гростың (1999) үлгісіне сәйкес, эмоцияны реттеу стратегиялары студенттерге мұқият таныстырылып, түсіндірілді: (а) жағдаятты таңдау/жағдаятты өзгерту; (ә) назарын басқа объектіге бағыттау; (б) когнитивтік өзгерістер; (в) жауапты өзгерту (модуляциялау). Және эмоциялық жағдаяттарда қандай стратегияларды қолданылатындықтары мысалдармен талқыланды. Жағдаятты таңдау стратегиясын 12 студенттің 25%-ы (3 студент) таңдаған. Студенттер университетте мұғалімдермен, топтастарымен және отбасындағы қарым-қатынастары туралы ойланып, өздерінің тәжірибесінен мысалдар келтірді. Мысалы, БМ8 "Мен ашуланғанда, үндемей қоямын" десе, БМ9 "Маған оқытушының тапсырмасы немесе басқа бірдеңесі ұнамаса, сөйлеп қоймайын деп, аудиториядан сұранып, шығып кетемін" деген. Жағдаятты өзгерту, яғни қандай-дабіржағымсызэмоцияпайдаболғандареттеустратегиясын, студенттердің 17%-ы (2 студент) қолданатындығын айтқан. Мысалы, БМ1 "Жағымсыз жағдаят туындаған жағдайда, досыммен болсын, оқытушы, үйдегілермен болсын, мен бірден ашық сөйлесемін" десе, БМ3 "Мен де БМ1 сияқты, мәселенің бетін ашып алғанды ұнатамын. Егер менің көңіл-күйім болмаса, оны да ашық айтамын" деген. Студенттердің айтуынша, белгілі бір жағымсыз жағдаяттан назарын басқа объектіге бағыттау, олардың арасында жиі болып тұрады. Мысалы, топтағы студенттер арасында келеңсіз әңгіме туындап, сөз таластыру болып қалған жағдайда, зейінін басқа нәрсеге шоғырландырып жіберетін студенттер бар екендігін атады. Алайда, фокус топтағы студенттер арасында, ондай ешкім болмады. Когнитивтік өзгерістер бойынша, студенттерге келесі сұрақ қойылды, "Егер сіздің оқушыңыз тапсырманы ұқпаса, орындай алмаса немесе еркелеу бала болса, сіз қалай әрекет етер едіңіз?". Аталған сұраққа, фокус тобынан 2 студенттің (17%) жауаптары төмендегідей болды: "Мен баланы басқа қырынан қарастыруға тырысар едім", "Мен терең дем алып, ойымды жинақтап, жағымсыз ойымды қайта бағалап алып қана, балаға жақындар едім". Жауапты өзгерту (модуляциялау) стратегиясы бойынша, студенттерден, мысалы балалардың алдында тұрғанда жағымды/жағымсыз эмоция пайда болып қойған жағдайда не істер едіңіз деген сұрақ қойылды. Студенттердің жауабы әр түрлі болды: БМ12 "Білмеймін, айту қиын", "Жағымсыз эмоциям келіп тұрса да, көрсетпеу мүмкін емес шығар", БМ6 "Оқушыларға тапсырма беріп, есімді жиып аламын", БМ 11 "Артқы парта жаққа барып, терең 3 рет тыныс аламын" деген.

Бұдан кейін студенттердің өз эмоциясын қаншалықты реттей алатындығы арнайы тест (Reivich, Shatte, 2003) арқылы тексерілді. Тест сұрақтары 1-кестеде ұсынылған (1-Кесте).

1-Кесте. Райвич К., Шатте Э. (2003) тестінің сұрақтары

Жағымды	Жағымсыз
Қандай да бір ыңғайсыз жағдай (ұрыс-керіс) туындаса, мен өзімді бақылауда ұстай аламын.	Мәселені шешпекші болсам, мен инстинктіме сенемін және алғашқы ойыма келген шешімді қабылдаймын.

Мен өзімнің не ойлап тұрғанымды және оның менің көңіл-күйіме қалай әсер ететінін жақсы айқындай аламын.	Тапсырмаға фокус жасауға көмектесетін жағымды эмоцияларды құрықтай алмаймын.
Егер біреу мен ренжитіндей іс жасаса, ол мәселе туралы сөйлесу үшін мен қалпыма келген сәтке дейін күте аламын.	Мен өзімнің сезімдеріме алданып, эмоцияның жетегінде кетемін.
Мен топтасыммен немесе жанұя мүшесімен "ерекше" тақырыпты талқыласам, мен өз эмоциямды бақылауда ұстай аламын.	Менің эмоцияларым менің үйде, университетте немесе жұмыста орындалатын істерге фокус жасау қабілетіме әсер етеді.
"5" - мен туралы өте дұрыс; "4" - әдетте дұрыс; "3" - орташа дұрыс; "2" - кейде немесе біршама дұрыс; "1" - мүлде дұрыс емес. "Орташадан жоғары" - 13 баллдан жоғары; "Орташа" - 6-13 балл арасы; "Орташадан төмен" - 6 баллдан төмен.	

Тестілеу нәтижесінде қатысқан 12 бастауыш сыныптың болашақ мұғалімдері-студенттердің өз эмоциясын реттеу деңгейі орташа және орташадан төмен деңгей, яғни, 16,7% (2 студент) орташадан жоғары көрсеткіш көрсетті, демек бұл студенттердің өз эмоциясын реттей алу қабілеті жоғары; 33,3% (4 студент) орташа балл жинады, яғни эмоциясын реттеу қабілеті орташа және орташадан төмен 50%(6 студент), нәтижесінде эмоциясын реттеуде қиыншылықтар кездеседі (1-Сурет).



1-Сурет. Студенттердің өз эмоциясын реттеу нәтижелері

Бұдан кейін фокус топ талқылауы аясында, жалпы студент пен оқытушының эмоциясын реттеуге және жағымды жаққа бұруға, болашақ мұғалімнің топта жұмыс істеу қабілетін арттыруға ықпал ететін тапсырмалар студенттің қандай жағымды/жағымсыз эмоцияларын анықтауға тырыстық. Ол үшін студенттерге 5 тапсырма түрлері (тестік

тапсырмалар, талқылау (дискуссия), презентация жасау, талдау (анализдеу), жаттығулар, жағдаяттармен жұмыс) ұсынылды және қайтапсырма оларда қандай эмоция тудыратыны сұралды. Эмоция тізімі (6) де ұсынылды (бақыт, шабыттану, қуаныш, қорқыныш, уайым, ашу). Тапсырма түрлері студенттердің түрлі эмоциясын тудыратындығы белгілі болды, мысалы тестік тапсырмалар 7 (58,3%) студенттің жағымды эмоциясын тудырса, 5 (41,6%) студенттің жағымсыз яғни қорқыныш, уайым, алаңдаушылық сезімін тудырады. Талқылау (дискуссия) тек 5 (41,6%) студенттің бақыттылық, шабыттану эмоциясын тудырса, қалған 7 (58,3%) студенттің жағымсыз эмоциясын тудырады. Жағымсыз эмоцияның себебі неде деген сұраққа студенттер "қарама-қарсы пікір айтып, айқайласқым келмейді", "сөз таластырғым келмейді", "көңілім түседі", "талқылау топ-топпен жасасақ маған ұнайды, жеке қатыссам онда қорқыныш бар" деп жауап берген. Презентация жасау бойынша тек 2 (16,6%) студент жағымды эмоцияларды таңдаған, 10 (83,3%) студент қорқыныш, уайым, алаңдаушылықты таңдаған. Талдау 5 (41,6%) студентке ұнайды, 7 (58,3%) студенттің жағымсыз эмоциясын тудырады. Жаттығулар, жағдаяттармен жұмыс барлық 12 (100%) студенттің жағымды эмоциясын тудырады. Студенттердің басым бөлігі "жаттығу жасау ұнайды", "өзіңмен-өзің", "жеке орындайсың немесе жұппен" деп жауап берген.

Ұсынылған жұмыста университетте білім алатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арасынан ерікті 12 студентпен фокустық топта талқылама өткізілді және тест арқылы студенттердің эмоциясын реттеу қабілеті тексерілді. Мақаланың зерттеу сұрағына сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуда эмоцияны реттеу стратегияларын қолдану қажеттілігі жоғары екендігіне көзіміз жетті. Өйткені, фокус топ талқыламасын кодтау нәтижесінде, студенттер әлеуметтік ортада өздерін қалай ұстау керектігін теория жүзінде айтып отырғанымен, басым бөлігі эмоцияларын ерікті, дұрыс деңгейде көрсету, реттеу стратегияларымен жалпы таныс емес екендігі байқалды. Сонымен қатар, студенттің өзі мен оқытушы арасындағы қатынаста да мәселелер бар. Эмоцияны реттеуде маңызды тетіктердің бірі студент пен оқытушы қарым-қатынасы екені белгілі. Оқытушы мен студент арасындағы жағымды қарым-қатынас эмоцияны реттеу барысында оқытушыға да, студентке де оң әсер етіп, жағымсыз эмоцияларды азайтады. Дегенмен, студенттердің жауабынан оқытушыға қатысты, жағымсыз эмоцияларды ішіне тығып, "жұтып" қоятындықтары байқалды, және жалпы эмоцияларын тежеу, яғни "привентивті эмоциялар" (Sutton, 2004) туралы жиі сөз болды. Оқытушымен және студент арасында жағымсыз эмоциялар туындағанымен, студент оның салдарынан қашқақтайтындығы белгілі болды, мысалы "Әсіресе, оқытушының алдында", "Ия, оқытушыға көрсетіп көр эмоцияңды ... сосын ..." деген жауаптардан кейін, модератор "сосын не болады" деп сұрағанда, студенттер "бағамыз өзгереді", "соңыңнан қалмайды", "жақтырмайды" деген жауаптар, оқытушыға эмоция көрсеткен жағдайда, студенттің эмоциясына оқытушы тарапынан да кері әсер болып қалады деп тұжырымдауға болады. Фокус топ талқылауында, сұрақта жағымды/жағымсыз эмоция туралы сөз болғандығына қарамастан студенттер бірден жағымсыз эмоцияларға мән берді. Мүмкін, бұл әлеуметтік қалыптасқан әдет немесе Саттон (2004) атап көрсеткендей, эмоцияны реттеу стратегиялары адамның "жергілікті мәдениетіне" байланысты болуында. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің эмоциясы мектеп оқушысының эмоциясына тікелей әсер ететіндіктен, студент эмоцияны реттеу, эмоцияны реттеудің қандай стратегиялары болатындығымен таныс болуы қажет деп есептейміз. Гростың (1999) үлгісіне сәйкес, эмоцияны реттеу стратегиялары

студенттерге таныстырылып, түсіндірілгенімен, эмоцияны реттеу стратегияларынан студенттердің ең көбі (25% ғана) жағдаятты өзгерту стратегиясын таңдаған. Дегенмен, когнитивтік өзгерістер стратегиясы бойынша, болашақ мұғалім-студенттерге болашақ оқушыларына қатысты берілген сұраққа алынған жауаптар қанағаттанарлық болды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзінің оқушысы еркелеу, тентектеу болса, баланы басқа қырынан қарастыруға тырысатындығы немесе ойын бағалап, балаға тек қана жағымды эмоциямен жақындайтындығы немесе эмоцияны өзгерту үшін басқа тапсырма беру, терең тыныс алу керектігін ұсынуы студенттердің эмоцияны реттеу стратегияларын қолдана алу әлеуетін көрсетеді.

Сонымен қатар, эмоцияны реттеу тестінің нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жартысында эмоциясын реттеу қиыншылықтары бары белгілі болды. Студенттің эмоциясын реттеудегі қиыншылықтар қоғамдағы қалыптасқан мінез-құлыққа (ата-ана тарапынан қысым, мектептен орын алған қысым (Chen, 2019), "сенім" (қарсы шықпау керек, үндемеу керек т.б.) (Chen, 2016) мен құндылықтарға, "қоршаған орта" (Шабанова, 2011) шындығын бағалай алу мүмкіндігіне байланысты болуы мүмкін. Фокустық топ талқылауы аясында, болашақ-мұғалім студенттің аудиторияда топта жұмыс істеу қабілетін арттыруға ықпал ететін тапсырмалар, студенттердің жағымды эмоциясымен қатар, жағымсыз эмоциясын тудыруы тікелей эмоционалдық себептерге байланысты екендігі анықталды. Ұсынылған тапсырмалардың барлығы студенттердің (50%) жағымсыз эмоцияларын тудырады, оның ішінде талқылау студенттердің қорқыныш, уайым, алаңдаушылығын тудырады. Студенттердің бұл эмоцияларды таңдауының басты себебі, жағымсыз эмоцияларды болдырмау, қашу, алдын-ала қорқу екендігі анықталды (айқайласқым келмейді", "сөз таластырғым келмейді", "көңілім түседі»). Презентация жасау 12 студенттің 10-на ұнамаған, себебі аудитория алдына шығу қорқыныш, уайымға әкеледі. Болашақ мұғалімнің жұмысының 100% -ы сыныпта оқушының, жиналыста ата-ананың алдында өтетін болғандықтан студенттің эмоциясын реттеу стратегиялары алғашқы курстан бастап қолға алынуы қажет және болашақ мұғалім-студент өзінің эмоциясын "саналы түрде сезініп" (Osak Karabay, 2019) өз эмоциясын "жоғары деңгейде реттей" (Li, Huang және Liu, 2023) алуы керек. Студенттермен өткізілген фокустық топ талқыламасынан студенттің эмоциясына оқытушының да әсері бар екендігі байқалды. Олай болса, болашақ мұғалімді оқытатын оқытушының да эмоциясын реттеу қажеттілігі туындайды және ол үшін "мұғалімнің біліктілігін арттыру" қажет (Osak Karabay, 2019).

Қорытынды

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау сапасы болашақ мұғалімнің білім алуымен қатар, бастауыш сынып оқушысына жағымды орта туғыза алатындай қабілет пен біліктілікті қамтуы, аса маңызды өлшемдердің бірі. Болашақ мұғалім-студенттің өз эмоциясын реттей білуі сыныпта тиімді оқу үдерісін ұйымдастыруға тікелей әсер етеді. Ұсынылған мақалада, жоғары оқу орнының болашақ бастауыш сынып мұғалім-студенттерінің эмоционалдық әлеуеті мен эмоцияларын реттеу дағдыларын фокустық топ талқылауы арқылы анықтауға қадам жасалды. Сонымен қатар, эмоцияны реттеу стратегиялары таныстырылып, жағдаяттар бойынша студенттердің таңдауы талқыланды. Арнайы тест арқылы студенттердің өз эмоцияларын реттей алу деңгейі тексерілді. Зерттеу барысында, болашақ мұғалімдердің өз эмоцияларын реттеуде

олқылықтар бар екендігі, оқытушының да студент эмоциясына әсері бар екендігі, сонымен қатар аудиторияда орындалатын тапсырмалардың да студент эмоциясына жағымды/жағымсыз ісерлері бар екендігі анықталды. Мақала жазу барысында шектеулер де болды. Фокус топ талқыламасына ерікті шектеулі 12 студент қана қатысты және зерттеу нәтижелері барлық студентке қатысты болмауы ықтимал. Мысалы, 12 студенттің жауаптары, барлық студенттің эмоционалдық жағдайын білдірмейді және барлық студенттің эмоцияны реттеу көрсеткіші болмайды. Сонымен қатар, зерттеу біржақты болуы мүмкін, өйткені фокус тобының талқыламасына тек болашақ бастауыш сынып мұғалімдері-студенттері қатысты. Болашақ зерттеулерге осы тақырып аясында, болашақ мұғалім-студенттерге сабақ беретін оқытушының да пікірін тыңдап, талқыға салуға болады. Болашақ мұғалімді оқытатын оқытушының да эмоциясының реттелу деңгейі қандай және ол алдындағы болашақ мұғалімнің эмоциясына әсері қандай екендігін келесі зерттеу сұрақтары ретінде ұсынамыз. Зерттеудің жалғасы ретінде ұзақ мерзімді және көбірек студенттерді қамтитын зерттеу жүргізуді ұсынамыз.

Мүдделер қақтығысы: болған жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі: мақаланың жазылуына авторлар тең дәрежеде үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

Ахметсапа, А., Жолтаева, Г., Абуханова, А. (2023). «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттары», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, 144(3), б.24–36.

Мұхаметжанова, А.О. (2015). «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау», Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті хабаршысы, 1(77), б. 79-84.

Шабанова, Т. Л. (2011). «Изучение особенностей эмоциональной сферы педагогов как компонентов эмоциональной устойчивости в профессиональной деятельности», Наука и школа, (2), стр. 92-96.

Algozhina, A., Sabirova, R., Alimbayeva, R., Kapbasova, G., Sarmantayev, A. (2022). 'Cross-cultural study of the qualitative aspects of higher education teachers' emotional intelligence: Kazakhstan and Russia', Journal of Applied Research in Higher Education, 14(3), pp. 1099-1113.

Brackett, M. A., Palomera, R., Mojsa-Kaja, J., Reyes, M. R., Salovey, P. (2010). 'Emotion-regulation ability, burnout, and job satisfaction among British secondary-school teachers', Psychology in the Schools, 47(4), pp. 406-417. <http://doi.org/10.1002/pits.20478>

Brígido, M., Borrachero, A. B., Bermejo, M. L., Mellado, V. (2013). 'Prospective primary teachers' self-efficacy and emotions in science teaching', European journal of teacher education, 36(2), pp. 200-217. <https://doi.org/10.1080/02619768.2012.686993>

Chan, D. W. (2006). 'Emotional intelligence and components of burnout among Chinese secondary school teachers in Hong Kong', Teaching and teacher education, 22(8), pp. 1042-1054. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2006.04.005>

Chen, J. (2016). 'Understanding teacher emotions: The development of a teacher emotion inventory', Teaching and Teacher Education, 55, pp. 68-77. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2016.01.001>

Chen, J. (2019). 'Exploring the impact of teacher emotions on their approaches to teaching: A structural equation modelling approach', British journal of educational psychology, 89(1), pp. 57-74. <https://doi.org/10.1111/bjep.12220>

- Ciani, A., Ferretti, F., Lemmo, A., Maffia, A., Provitera, C. (2019). 'The self-efficacy and emotions towards mathematics of future preschool and primary teachers', *Ricerche di Pedagogia e Didattica*, 14(3), pp. 143-160.
- Darby, A. (2008). 'Teachers' emotions in the reconstruction of professional self-understanding', *Teaching and teacher education*, 24(5), pp. 1160-1172. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2007.02.001>
- Eisenberg, N., Fabes, R. A., Murphy, B., Maszk, P., Smith, M., Karbon, M. (1995). 'The role of emotionality and regulation in children's social functioning: A longitudinal study', *Child development*, 66(5), pp. 1360-1384. <https://doi.org/10.1111/j.1467-8624.1995.tb00940.x>
- Gross, J.J. (2015). 'Emotion Regulation: Current Status and Future Prospects', *Psychological Inquiry*, 26(1), pp. 1-26. <http://doi.org/10.1080/1047840X.2014.940781>
- Gross, J. J. (1999). 'Emotion regulation: Past, present, future', *Cognition and emotion*, 13(5), pp. 551-573. <https://doi.org/10.1080/026999399379186>
- Hernández-Amorós, M.J., Urrea-Solano, M.E. (2017). 'Working with Emotions in the Classroom: Future Teachers' Attitudes and Education Procedia', *Social and Behavioral Sciences*, 237, pp. 511-519. <https://dx.doi.org/10.6092/issn.1970-2221/9866>
- Hosotani, R., Imai-Matsumura, K. (2011). 'Emotional experience, expression, and regulation of high-quality Japanese elementary school teachers', *Teaching and teacher education*, 27(6), pp. 1039-1048. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2011.03.010>
- Li, L., Huang, L., Liu, X. P. (2023). 'Primary school teacher's emotion regulation: Impact on occupational well-being, job burnout, and resilience', *Psychology in the Schools*, 60(10), pp. 4089-4101. <https://doi.org/10.1002/pits.22982>
- Morgan, J., Atkin, L. (2016). 'Expelling stress for primary school teachers: Self-affirmation increases positive emotions in teaching and emotion reappraisal', *International journal of environmental research and public health*, 13(5), pp. 500-527. <https://doi.org/10.3390/ijerph13050500>
- Nabi, G. (2023). 'Development of emotional intelligence of future social educators', *NAS Messenger*, 403(3), pp. 160-171.
- Nicolosi, S., Alba, M., Pitrolo, C. (2023). 'Primary school teachers' emotions, implicit beliefs, and self-efficacy during the COVID-19 pandemic', *Frontiers in Sports and Active living*, 4. <https://doi.org/10.3389/fspor.2022.1064072>
- Ocak Karabay, S. (2019). 'Emotion regulation, teaching beliefs and child-teacher relationships from the perspectives of pre-school teachers', *Education*, 47(1), pp. 101-115. <https://doi.org/10.1080/03004279.2017.1405057>
- Petrovic, J., Mettler, J., Argento, A., Carsley, D., Bloom, E., Sullivan, S., Heath, N. L. (2022). 'Understanding the needs of primary school teachers in supporting their students' emotion regulation', *Journal of School Health*, 92(9), pp. 853-863. <https://doi.org/10.1111/josh.13191>
- Reivich, K., Shatte, A. (2003). *The Resilience Factor: 7 Keys to Finding Your Inner Strength and Overcoming Life's Hurdles*. Harmony: Rodale. 352 p.
- Schlesier, J., Roden, I., Moschner, B. (2019). 'Emotion regulation in primary school children: A systematic review', *Children and Youth Services Review*, 100, pp. 239-257. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2019.02.044>
- Suleimenova, A., Ivanova, O. (2018). 'Emotional Competence and Individual Style of Action of Future Teachers of Higher Education in the System of Education for Sustainable Development', *Journal of Teacher Education for Sustainability*, 20(2), pp. 44-63. <http://doi.org/10.2478/jtes-2018-0014>
- Sutton, R. E. (2004). 'Emotional regulation goals and strategies of teachers', *Social psychology of education*, 7(4), pp. 379-398.
- Tarantul, A., Berkovich, I. (2024). 'Teachers' emotion regulation in coping with discipline issues: Differences and similarities between primary and secondary schools', *Teaching and Teacher Education*, 139. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2023.104439>

Tleubay, S. T., Zhaunshiyeva, Z., Yessimkulova, S., Oralkanova, Z. (2022). 'The Role of the Development of the Emotional Component in the Preparation of the Future Specialist in the University', NAS Messenger, 5, pp. 161–172.

Vierhaus, M., Lohaus, A., Wild, E. (2016). 'The development of achievement emotions and coping emotion regulation from primary to secondary school', Learning and Instruction, 42, pp. 12-21. <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2015.11.002>

Г.А. Амзеева^{*1}, Ш.М. Майгельдиева², Р.Т. Игенбаева³, Н.Ж. Дуйсекеева⁴

^{1,2,3,4}Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан

Необходимость использования стратегий регуляции эмоций в профессиональной подготовке будущих учителей начальных классов

Аннотация. Известно, что ученик начальных классов с первого прихода в школу зависит от учителя, который преподаёт, и эмоциональная устойчивость учителя влияет на его обучение и воспитание. В статье анализируется необходимость использования стратегий регуляции эмоций в подготовке будущих учителей начальных классов. Проведен теоретический анализ темы, уточнены понятие регуляции эмоций и стратегии регуляции эмоций по модели Дж. Гросса. Цель статьи – оценить уровень регуляции эмоций будущих учителей-студентов начальных классов по модели Райвич К., Шатте Е. и ознакомить студентов стратегиями регулирования эмоций и обсудить выбор стратегии студентами. Кроме того, в статье анализируются задания, вызывающие положительные и отрицательные эмоции студентов и взаимоотношения студента и преподавателя. В исследовании приняли участие добровольно будущие учителя-студенты начальной школы образовательной программы «Педагогика и психология» бакалавриата Кызылординского университета имени Коркыт ата. Для достижения ответа на исследовательский вопрос статьи был использован метод обсуждения в фокус-группе. Данные исследования были закодированы, проведен тематический анализ и извлечены результаты. В результате было определено и обсуждено, что будущие учителя-студенты имеют некоторые трудности в регулировании эмоций. Также даны ограничения исследования и рекомендации для будущих исследований.

Ключевые слова: будущий учитель начальной школы, подготовка, эмоция, положительные/негативные эмоции, регулирование эмоций, стратегии регулирования эмоций.

G.A. Amzeeva^{*1}, Sh.M. Maigeldieva², R.T. Igenbayeva³, N.Zh. Duissekeyeva⁴

^{1,2,3,4}Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

The necessity of teaching prospective pre-service teachers emotion regulation strategies during their professional development

Abstract. It is well recognized that a primary school child is reliant on his teacher from the moment he arrives, and that the teacher's emotional stability has an impact on the youngster's education and upbringing. The paper examines the necessity of teaching prospective pre-service teachers emotion regulation strategies. The notion of emotion regulation and the strategies for regulating emotions in accordance with J. Gross's model are explained, along with a theoretical examination of the subject. The article's goal is to evaluate the emotional management skills of prospective pre-service teachers-students according to Raivich K. and Shatte E. model and present emotion regulation strategies and discuss those strategies chosen by students. The article examines the tasks that cause students' positive

or negative emotions as well as the dynamics between students and teachers. Twelve prospective pre-service teachers-students who volunteered to participate in the study were students at Kyzylorda University's "Pedagogy and Psychology" bachelor's degree, named after Korkyt Ata. The research issue of the study was addressed through the use of a focus group discussion approach. Thematic analysis was carried out, research data were coded, and findings were collected. It was concluded and discussed as a result that prospective pre-service teacher-students struggle with emotion regulation. Limitations of the study and suggestions for more research were provided at the conclusion of the project.

Keywords: prospective pre-service teacher, training, emotion, positive/negative emotion, emotion regulation, emotion regulation strategies.

References

Ahmetsapa, A., Zholtava, G., Abuhanova, A. (2023). Bolashak bastauysh synyp mugalimderin kasibi-shygarmashylyk is-areketke dayarlaudyn algyshtaratty [Prerequisites for training future primary school teachers for professional and creative activities]. L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin habarshysy, 144(3), b.24–36. [in Kazakh].

Muhametzhanova, A.O. (2015). Bolashak bastauysh synyp mugalimderin kasibi dayarlau [Professional training of future primary school teachers]. E.A.Boketov atyndagy Karagandy memlekettik universiteti habarshysy, 1(77), 6. 79-84. [in Kazakh].

Shabanova T.L. (2011). Izuchenie osobennostej emocionalnoj sfery pedagogov kak komponentov emocionalnoj ustojchivosti v professionalnoj deyatel'nosti [Studying the characteristics of the emotional sphere of teachers as components of emotional stability in professional activities]. Nauka i shkola, (2), str. 92-96. [in Russian].

Algozhina, A., Sabirova, R., Alimbayeva, R., Kapbasova, G., Sarmantayev, A. (2022). 'Cross-cultural study of the qualitative aspects of higher education teachers' emotional intelligence: Kazakhstan and Russia', Journal of Applied Research in Higher Education, 14(3), pp. 1099-1113.

Brackett, M. A., Palomera, R., Mojsa-Kaja, J., Reyes, M. R., Salovey, P. (2010). 'Emotion-regulation ability, burnout, and job satisfaction among British secondary-school teachers', Psychology in the Schools, 47(4), pp. 406-417. <http://doi.org/10.1002/pits.20478>

Brígido, M., Borrachero, A. B., Bermejo, M. L., Mellado, V. (2013). 'Prospective primary teachers' self-efficacy and emotions in science teaching', European journal of teacher education, 36(2), pp. 200-217. <https://doi.org/10.1080/02619768.2012.686993>

Chan, D. W. (2006). 'Emotional intelligence and components of burnout among Chinese secondary school teachers in Hong Kong', Teaching and teacher education, 22(8), pp. 1042-1054. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2006.04.005>

Chen, J. (2016). 'Understanding teacher emotions: The development of a teacher emotion inventory', Teaching and Teacher Education, 55, pp. 68-77. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2016.01.001>

Chen, J. (2019). 'Exploring the impact of teacher emotions on their approaches to teaching: A structural equation modelling approach', British journal of educational psychology, 89(1), pp. 57-74. <https://doi.org/10.1111/bjep.12220>

Ciani, A., Ferretti, F., Lemmo, A., Maffia, A., Provitera, C. (2019). 'The self-efficacy and emotions towards mathematics of future preschool and primary teachers', Ricerche di Pedagogia e Didattica, 14(3), pp. 143-160.

Darby, A. (2008). 'Teachers' emotions in the reconstruction of professional self-understanding', Teaching and teacher education, 24(5), pp. 1160-1172. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2007.02.001>

Eisenberg, N., Fabes, R. A., Murphy, B., Maszk, P., Smith, M., Karbon, M. (1995). 'The role of emotionality and regulation in children's social functioning: A longitudinal study', Child development, 66(5), pp. 1360-1384. <https://doi.org/10.1111/j.1467-8624.1995.tb00940.x>

Gross, J.J. (2015). 'Emotion Regulation: Current Status and Future Prospects', *Psychological Inquiry*, 26(1), pp. 1-26. <http://doi.org/10.1080/1047840X.2014.940781>

Gross, J. J. (1999). 'Emotion regulation: Past, present, future', *Cognition and emotion*, 13(5), pp. 551-573. <https://doi.org/10.1080/026999399379186>

Hernández-Amorós, M.J., Urrea-Solano, M.E. (2017). 'Working with Emotions in the Classroom: Future Teachers' Attitudes and Education Procedia', *Social and Behavioral Sciences*, 237, pp. 511-519. <https://dx.doi.org/10.6092/issn.1970-2221/9866>

Hosotani, R., Imai-Matsumura, K. (2011). 'Emotional experience, expression, and regulation of high-quality Japanese elementary school teachers', *Teaching and teacher education*, 27(6), pp. 1039-1048. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2011.03.010>

Li, L., Huang, L., Liu, X. P. (2023). 'Primary school teacher's emotion regulation: Impact on occupational well-being, job burnout, and resilience', *Psychology in the Schools*, 60(10), pp. 4089-4101. <https://doi.org/10.1002/pits.22982>

Morgan, J., Atkin, L. (2016). 'Expelling stress for primary school teachers: Self-affirmation increases positive emotions in teaching and emotion reappraisal', *International journal of environmental research and public health*, 13(5), pp. 500-527. <https://doi.org/10.3390/ijerph13050500>

Nabi, G. (2023). 'Development of emotional intelligence of future social educators', *NAS Messenger*, 403(3), pp. 160-171.

Nicolosi, S., Alba, M., Pitrolo, C. (2023). 'Primary school teachers' emotions, implicit beliefs, and self-efficacy during the COVID-19 pandemic', *Frontiers in Sports and Active living*, 4. <https://doi.org/10.3389/fspor.2022.1064072>

Ocak Karabay, S. (2019). 'Emotion regulation, teaching beliefs and child-teacher relationships from the perspectives of pre-school teachers', *Education*, 47(1), pp. 101-115. <https://doi.org/10.1080/03004279.2017.1405057>

Petrovic, J., Mettler, J., Argento, A., Carsley, D., Bloom, E., Sullivan, S., Heath, N. L. (2022). 'Understanding the needs of primary school teachers in supporting their students' emotion regulation', *Journal of School Health*, 92(9), pp. 853-863. <https://doi.org/10.1111/josh.13191>

Reivich, K., Shatte, A. (2003). *The Resilience Factor: 7 Keys to Finding Your Inner Strength and Overcoming Life's Hurdles*. Harmony: Rodale. 352 p.

Schlesier, J., Roden, I., Moschner, B. (2019). 'Emotion regulation in primary school children: A systematic review', *Children and Youth Services Review*, 100, pp. 239-257. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2019.02.044>

Suleimenova, A., Ivanova, O. (2018). 'Emotional Competence and Individual Style of Action of Future Teachers of Higher Education in the System of Education for Sustainable Development', *Journal of Teacher Education for Sustainability*, 20(2), pp. 44-63. <http://doi.org/10.2478/jtes-2018-0014>

Sutton, R. E. (2004). 'Emotional regulation goals and strategies of teachers', *Social psychology of education*, 7(4), pp. 379-398.

Tarantul, A., Berkovich, I. (2024). 'Teachers' emotion regulation in coping with discipline issues: Differences and similarities between primary and secondary schools', *Teaching and Teacher Education*, 139. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2023.104439>

Tleubay, S. T., Zhauynshiyeva, Z., Yessimkulova, S., Oralkanova, Z. (2022). 'The Role of the Development of the Emotional Component in the Preparation of the Future Specialist in the University', *NAS Messenger*, 5, pp. 161-172.

Vierhaus, M., Lohaus, A., Wild, E. (2016). 'The development of achievement emotions and coping emotion regulation from primary to secondary school', *Learning and Instruction*, 42, pp. 12-21. <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2015.11.002>

Автор туралы мәліметтер:

Амзеева Г.А. – хат-хабар авторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының докторанты, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда қаласы, Қазақстан.

Майгельдиева Ш.М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламалары, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда, Қазақстан.

Игенбаева Р.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламалары, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда, Қазақстан.

Дуйсекеева Н.Ж. – PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Амзеева Г.А. – автор для корреспонденции, докторант образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, ул. Айтеке би, 29А, 120014, г. Кызылорда, Казахстан.

Майгельдиева Ш.М. – д.п.н., профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, образовательные программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», ул. Айтеке би, 29А, 120014, г. Кызылорда, Казахстан.

Игенбаева Р.Т. – к.п.н., доцент, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, образовательные программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», ул. Айтеке би, 29А, 120014, г. Кызылорда, Казахстан.

Дуйсекеева Н.Ж. – PhD, старший преподаватель кафедры «Педагогика, психология и методика начального образования», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, ул. Айтеке би, 29А, г. 120014, Кызылорда, Казахстан.

Information about the authors:

Amzeeva G.A. – corresponding author, doctoral student of the educational program «Pedagogy and methods of primary education», Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke Bi Street, 29A, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan.

Maigeldieva Sh.M. – D.P.S., Professor, Educational programs of pedagogy and psychology and methods of primary education, Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke Bi Street, 29A, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan.

Igenbaeva R.T. – C.P.S., Associate Professor, Educational programs of pedagogy and psychology and methods of primary education, Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke Bi Street, 29A, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan.

Duissekeyeva N.Zh. – PhD, Senior lecturer, Department of Pedagogy, Psychology and Methods of Primary Education, Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke Bi Street, 29A, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan.